

**8D09101 – «Ветеринариялық медицина» оқу бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі қара мал некробактериозын емдеу
және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Диссертация тақырыбының өзектілігі.

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызын негіздеу. Докторант Тореханов Мерей Айбыновичтың диссертация тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды, себебі қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығы саласында мал басын көбейтіп қана қоймай, өнімділігін арттырып, олардан алынатын өнімдерді экспортқа шығару мақсатында үлкен жұмыстар атқарылуда. Сондықтан да, ветеринария саласы мамандарының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі, мал басын көбейтіп қана қоймай, олардың ауруларын алдын – алып, тұрмыс және өндіріс мақсатында қолданылатын өнімдерінің адам ағзасына зиянын келтірмеу мақсатында жұмыс атқару. Осы жағдайды ескере отырып, докторанттың ғылыми диссертациялық жұмысының тақырыбы ірі қара мал некробактериозын емдеп, балау жасап қана қоймай, аталған ауруды емдеу кезінде малдың да және оны тұтынатын адам ағзасына зиянын келтірмейтін пробиотикалық препаратты қолдана отырып, тиімділігін заманауи әдістермен зерттеп, дәлелдеген. Атап айтатын болсам, Алматы облысына қарасты шаруашылық жүргізуші субъектілерінде ірі қара малдың некробактериозы бойынша эпизоотиялық жағдайды зерделей отырып, ауруға тән негізгі клиникалық белгілер, ішкі мүшелерде туындайтын негізгі патоморфологиялық өзгерістер, некробактериоз қоздырушысының индикациясы мен типтік тиесілігін анықтау, жасушалық және ұлпалық өзгерістерді гистологиялық зерттеу және Отандық «Лактобактерин - ТК» сүт қышқылы бактерияларынан дайындалған препараттың патогендік микрофлораға әсерін зерттей отырып, оның емдік әсерін зерттеді.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып, диагностика жасау үшін диссертация тақырыбы бойынша докторант М.А.Тореханов Қазақстанда ғана емес алыс-жақын шет елдерде (Agralis GmbH – Германия; Bei jing Increase Energy S&T Development Co., Ltd – Қытай), біліктілігін жоғарылатып, Алматы облысына қарасты ЖШС «Байсерке-Агро», ШҚ «Самсыбаев М», ЖШС «Дарнис АШК», «Алматы ПЗ ӘКК», ШҚ «К-Анар», ШҚ «Нұржан», ШҚ «Қасымжан», КХ «Сарғалдақов» шаруашылығында расталды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын «Гранттық қаржыландыру жобасы № АР 05133838 «Ірі қара малының некробактериозына сүтқышқылды бактериялардың терапиялық әсерін зерттеу» ғылыми жоба шеңберінде ҚазҰАЗУ-де орындалды (2018 – 2020 жж.) және докторлық диссертация тақырыбы бойынша орындалған зерттеулердің өзектілігін көрсете отырып,

тиімді шешімдердің шыққанын растайды.

Докторлық диссертацияның практикалық маңызы. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері ірі қара мал некробактериозын жедел балау және емдеуге арналған пробиотикалық препаратты қолданғаннан кейін және қолданғанға дейін ағзаға әсері туралы мәліметтерді нақтылайды және толықтырады.

Ұсынылған деректер шаруашылықтарда ірі қара малдың некробактериозын жою жөніндегі іс-шаралар жүйесін жетілдіру және зерттеу әдістерін жетілдіру кезінде пайдаланылуы мүмкін. Алынған мәліметтер «Ветеринария» және «Зоотехния» мамандықтары бойынша студенттер үшін оқу үрдісінде қолданылады. Докторанттың жасаған ғылыми жұмысы бойынша ауруға дер кезінде балау қойылып, алдын алуға үлкен мүмкіндіктер бере отырып, биологиялық мал ағзасына зияны жоқ пробиотикалық препараттармен емдеу мақсатында шаруа қожалықтарына практикалық маңызы зор.

Докторлық диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер. Докторлық диссертацияны докторант ғылыми жетекшінің басшылығымен бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындады.

Докторанттың алған ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша: Алматы облысы бойынша 3 жылда жалпы саны 17 шаруашылыққа зерттеу жүргізіп, ірі қара мал некробактериозын балау, емдеу мақсатында жаңа үлгідегі ғылыми практикалық құндылығы жоғары әдістерді қолданып, енгізді.

Орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелері докторанттың тікелей қатысуымен талқыланған екі ғылыми практикалық конференцияларда «Global science and innovations 2023: central asia» және «Science and education in the modern world: challenges of the xxi century» баяндалды.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми- әдістемелік ережелер. Докторант өз диссертациясында, теориялық, әдістемелік, эксперименттік, макроскопиялық, микроскопиялық зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зерттеу барысында зертханалық зерттеулермен расталды, себебі толық қанды ауруға балау қойып, емдік мақсатта қолданатын препараттың әсерін жасуша ішілік зерттеулердің нәтижесінде ғана растаған.

Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі. Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсат, міндеттері, зерттеу объектілері, қысқаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелер көрсетілген. Диссертациялық жұмыс бойынша апробация берілген және тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған. Әр өзіндік зерттеулерде Алматы облысы бойынша ірі қара мал некробактериозының таралу динамикасы, аурудың өту барысына байланысты клинико – морфологиялық ерекшеліктері, ірі қара малдың некробактериоз қоздырушысының типтік тиесілігін көрсету және анықтау, ірі қара мал некробактериозы кезіндегі ішкі мүшелердегі патоморфологиялық, жасушалар мен ұлпалардағы құрылымдық гистологиялық өзгерістер, зертханалық жағдайда «Лактобактерин-ТК» препаратын ірі қара малдың зақымдалған аймақтарынан оқшауланған патогендік микрофлораға әсерін зерттеу, зақымдалған ұлпалардың

регенерациясына әсерін гистологиялық зерттеулер жасалынып, нәтижелері толық көрсетілді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды: оның ішінде Scopus, Web of Science мәліметтер базасына тіркелген жариялымдарда - 3 мақала; халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференциялар жинақтарында – 2; халықаралық тәуелсіз ғылыми журналда – 1, ғылыми – әдістемелік ұсыныс – 3 және 1 авторлық куәлік.

Докторанттардың жеке үлесі. Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындап, аяқтаған ғылыми – зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі Комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, зерттеу әдістері бойынша жинақталған тәжірибе. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі сапасы айтарлықтай артты. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай ақ, ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатып, ғылыми зерттеуінде көрсете білді.

Қорытынды. Докторант Тореханов Мерей Айбыновичтың диссертациясы автордың өз бетінше орындаған толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және докторант ғылыми дәрежесін алу үшін ҚР Жоғары аттестаттау комиссиясының диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері шаруашылықтарда, оқу процесінде, инновациялық жобаларға енгізуге болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Тореханов Мерей Айбыновичтың «Ірі қара мал некробактериозын емдеу және диагностикалауда инновациялық тәсілдерді қолдану» тақырыбында дайындаған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» оқу бағдарламасы бойынша Ph.D докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

ҚазҰАЗУ КеАҚ «Биологиялық қауіпсіздік»

кафедрасының профессоры, в.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор

А.С. Ибажанова

Пікір беруші, в.ғ.к., профессор А.С. Ибажанованың қолын растаймын.

Бас ғалым хатшы:



У.К. Керимова